

12 дәріс. Жыраулық дәстүр. Ел мүддесі

Дәрістің мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы жыраулық дәстүрдің қалыптасуы мен негізгі жыраулардың жыр-толғауларымен таныстыру.

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы, философиялық ойлары – қазақ философиясының қалыптасуына өте көп әсер етті. Ақын-жыраулардың жыр жолдарында қоғамның өзекті деген мәселелері айтылып, тарих шындығы арқау болғандығы белгілі. Әлеуметтік жағдайлар, батырлық, адамшылық, өмірдің өзекті тақырыптары жыраулардың дүниетанымында көрініс тапты.

Қазақ халқының тарихында XV ғасырдан бастап, XVIII ғасырға дейінгі аралықта жыраулық философия қарқын алып, кең қанат жайды.

Қазақ ақын-жырауларының мұралары халықтың ауыз әдебиетімен, әдет-ғұрпымен, тарихымен, діні, ділі, мәдениетімен, салт-санасымен өте тығыз байланыста өрбіді.

Қазақ философиясының қайнар көзінде поэзиялық мәтіндер жатқандығы тарихтан белгілі. Аңыз, мифологияда, мақал-мәтелдерде, поэзияда дүниетанымдық ойлар орын алған. Терең танымдық дүниелер сипатталып, көркем тілде айшықталды. Соның негізінде «Жыраулық философия» кеңінен қанат жайды. Жыраулардың дүниетанымдық шығармаларының негізінде өмірдің мәнін түсіну (экзистенциализм) мен табиғатпен (натурфилософия) бірге болу үндесіп жатты.

Жыраулардың бір ерекшелігі – турашылдығында. Дүниені, оқиғаны, заманды қалай көріп тұр, сол қалпында беретіндігі. Жаға жыртысып, дауласып жатпайды. Жырды төгіп-төгіп жөнімен жүре берген. Өмірдің мәнін іздеп, үнемі ізденісте болған. Оларда шекара деген болмаған. Халық ауыз әдебиетінің ерекше дамығандығын осындай көріністерден байқаймыз.

Қазақ тарихында жыраулар дүниетанымындағы адами құндылықтардың болмысын ашып көрсету арқылы, олардың ойларындағы ұлттық ой-сананың мәні мен елді біріктірудегі рухани негіздерді танып біле аламыз. Ел тарихындағы би, шешен, жырау, ақындардың жыр, өлеңдері қайталанбас мұра. Сол замандардан қалған ескерткіш, таңба десек те болады. Егер, осындай жыр, өлең, толғаулар

болмаса біз сол заманның тыныс, тіршілігін біле алмас едік. Сондықтан да, бізге жеткен рухани жәдігерлерді ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде қалдырып, байыта түсуіміз қажет. Заманның сөзін сөйлеп, жырын жырға қосатын ойшыл, тұлғаларымыздың болғаны үлкен олжа.

Жыраулар – қазақ ауыз әдебиетінің ақылгөй даналары. Заманның зарын, мұңын, қуанышын жырға қосып айтуды дәстүрге айналдырған. Әр жыраудың өзіндік стилі, ырғағы, мотиві өзгеше. Жыраулар – хан сарайының белді мүшесі, ханның ақпараттық саясатын жасаушылар. Жыраулар адамның өмір туралы, өмірдегі орны туралы ойлануға, рухани жетілуге шақырады, өз өмірін анықтау, мәнді өмірге жету әр адамның өз қолында деп түсіндіреді. Өмірге адам болып келдің бе, адам болып өмір сүр, адамшылық қасиеттерді бойыңа жина, сонда мәнді өмірге жетесің деп бізді үйретеді.

Намысыңды қайрап, бойыңа рух беретін жыр жолдары жас ұрпақтың бойына елдік, ерлік сананы оятатындығы анық. Жырауларымыздың рухты жырлары қаншама ғасыр бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бізге жетті. Солардың ішінде жыраулық институттың орны ерекше. *«От ауызды, орақ тілді»* жыршы, жыраулар заманның шынайы бейнесін суреттеп, жырға қосқан.

«Халықтың ұзақ замандарда бастан кешіргендерінің «ауызша» таралған көркем тарихы – дастандар, толғаулар, термелер ғасырлар үнін жеткізген, бұрынғылардың бүгінгілерге қалдырған аманаты, ескірмейтін ескерткіші десек, сол қазынаны сұлу сазға бөлеп орындаушы ақын, жырау, жыршы, термешілер еңбегі қалай көтеріліп қастерлеуге де лайық» (*Рахманқұл Бердібай. Түбі бір түрікпіз. – Астана: Фолиант, 2002. – 344 бет*).

«*Жыраулық философия* – халық мәдениетінің төл басы ғана емес, іргетасы. Халқымыздың дәстүрлі мәдени өрбуінің басты ерекшелігі – рухани мәдениеттің кейбір салаларының материалдық мәдениетке қарағанда біршама озық түсуі. Бұл айтылып жүрген белгілі жай. Ал ілкі қазақ өнерінің тәжі – сөз өнері, поэзия. Алайда поэзия – тек әдеби дәулет қана емес, философия тарихы, қазақы ой тарихының бастамасы. Ол – әлеуметтік, философиялық, тарихи, эстетикалық, адамгершілік ақыл-ойдың тоғысқан жері... Бүгінгі тәуелсіздігіміздің кемелденуіне поэзиямыздың кешегі нұсқалары әлі де үлгі тұтарлық мұра болуында осындай сыр жатыр» (*Сәбетқазы Ақатай. Қазақ даласының ойшылдары. XVI-XVIII ғғ. Алматы: Философия және саясаттану институты компьютерлік-баспа орталығы, 2001. – 160 б*).

«Жырау қазынасы – ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру барысында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен шығып халық алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі (Жазира Ошақбаева. *Шалкиіз жырау – ұлттық рухтың жаршысы //Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман: сб. междунар. науч.-теорет. конф. – Алматы, 2015. – Б. 319-326*)

«Қазақ ақындары мен жырауларының көзқарастарында философиялық-әлеуметтану мәселелерімен бірге саяси, сондай-ақ, құқықтық идеялар арасында алшақтық жоқ, мұның бәрі біртұтас тараптар мен аспектілерін ұсына отырып, өзара тығыз байланысады. Бірақ, оның өзегі адам және оның этикалық келбеті, сезімдері мен мұраттарының әлемі, өмірінің мақсаты мен мәні екені сөзсіз. Ойшылдар мағынасыз соғыстар туралы. Еліміздің рухани жаңғыруы аясындағы қазақ халқын ойлады, адамдардың бейбіт және тыныш өмірін армандады, халықтың күйреуі мен кедейлігі туралы терең толғаныспен жазды. Қазақ ойшылдарының поэтикалық түрде жазылған философиялық толғаныстары адамды биіктетіп, оны күнделікті өмірден жоғары қойды» (Г. Барлыбаева. *Философская этика казахов / Под общ.ред. А.Х. Бижанова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. – 274 с*).

Адамның дүниедегі құбылыстарды қалай қабылдауына байланысты оптимист немесе пессимист болып бөлінетіндігі анық. Пессимистер Зар заманынан кейін ақырзаман болатындығына сеніп өмір сүреді. Болашақта заманның түзелетіндігіне күмәнмен қарап, өмірден баз кешіп, қайғы-мұңға батады. Сондықтан болар, жыраулар философиясындағы дүниеге көзқарас болашаққа деген алаңдаушылықтан туған. Олар реалистік бағыттағы ойшылдар. Елдің, жердің тағдырына сары уайымшылдыққа беріліп, болашаққа үмітпен қараған. Дүниені қатып қалған емес үнемі өзгерісте болатындығына иланған. Сол өзгерістерден жақсылық күткен. Бұндай астарлы ой антика, ортағасыр, қайта өрлеу замандарында кездеседі.

Қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы, философиялық ойлары төл философияның қалыптасуына бірден-бір рухани негіз бола

алады. Олардың айтқан жыр-толғауларында тарих шындығы адам, қоғам, табиғат мәселелері негізгі өзекті орын алды.

Қазақ жырауларының ішінен Шалкиіздің шығармашылығы, философиялық ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше.

Қазақ ақын-жырауларының шығармалары, негізінен көшпелілер болмысы, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік адамшылық өмір мәселелеріне байланысты болып келді. Дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ. Әлем бір тұрмайды, бәрі фәнилік, бәрі өткінші дейді. Өмір қысқа екен, бұл жалған басы жұмыр пенденің бәрінен де өтеді екен, демек осы аз ғұмырды дүниедегі бар қызықты тегіс көріп, думандатып өткізу керек – деп жырау өмір мен өлім мәселесі жайында философиялық толғаныстар жасайды.

Осы кезеңдерде жыраулар түркі халықтарға ортақ әдеби-философиялық мұраларды жалғастырып, өсіп-өркендетіп төл әдебиетіміз бен философиямызға елеулі ықпал етті.

Жыраулар философиясы халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне – ақын сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз. Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткен тарихи оқиғалар мен саяси-әлеуметтік тіршілігін, дүниетанымын көркем де, мазмұнды тілмен бере білуімен құнды. Халық тағдыры, тұтастығы, сүйіспеншілігі мен елдің бірлігі – жыраулардың көтерген ортақ мәселесіне айналды.

Жырау философиясының белді өкілі, ойшыл, жырауларға тоқталатын болсақ: Шалкиіз Тіленшіұлы /1465-1560/ жыраудың орны ерекше. Терең ақыл иесі Шалкиіз ойларының өміршеңдігі, өзектілігі жоғары болған. Белгілі ғалым әрі жазушы Мұхтар Мағауин: «Шалкиіз – новатор еді», – дейді. «Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шалкиіздің қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады» – дейді (*Мұхтар Мағауин. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. 1992. – 55 бет*).

Өзінің философиялық поэзиясында Шалкиіз ерлік, батырлық рухын жоғары бағалайды. Қазақ ақын-жыраулары тек қана шығармашылықпен ғана емес, өз заманындағы саяси-әлеуметтік мәселелермен де айналысқан. Ел басқарған хандармен бір деңгейде сөйлесіп, көбінесе өздерінің ақыл-кеңестерін үнемі айтып отырған. Кейбір, хандарымыз хан сарайында елге абыройлы ақын, жырауларды қызметке алып, отбасын асырап отырған.

Өмір философиясымен шұғылданып өмірдің өзекті сұрақтарын алдын ала біліп, оның шешілуіне жағдай жасаған. Жыр, толғаулары негізінен, көшпенділер болмысы, ата-қоныс, адам, қоғам, сол кездегі әлеуметтік жағдайларға, батырлық, көркемдік, адамшылық, өмір мәселелеріне байланысты болып келді.

Осы тұрғыдан алғанда Шалкиіз шығармашылығында бір қалыпқа түскен философиялық жүйе жоқ. Мұның себебі Шалкиіз шығармаларының бізге дейінгі ұрпаққа толық жетпеуі себепті деп ойлаймыз. Дегенмен қолда бар толғаулардың өзі адам, қоғам, өмір, табиғат жайында терең түсініктер береді. «Дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңеде жоқ», – дейді жырау. Шалкиіз жырау: «Көп түкірсе – көл», – деп елді ұйымшылдыққа, бірлікке шақырады. Оның пікірінше, көптің, елдің қолынан бәрі келеді. Ол жауға айбар, елге қорған, – дейді. Сондықтанда Шалкиіз жырау, «жалғыздың жағы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар», «Жағаға дұшпан қолы тимеске, артында туысқанның көбі игі», «Белуардан саз кешсең тобығыңнан келтірмейтін сол қамалаған калың туғанның арқасы», – деп ағайынның, туғанның көп болғанын қалайды.

Шалкиізден кейінгі белгілі жыраулардың бірі – Ақтамберді жырау Сарыұлы (1675-1768). Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» еңбегінде Ақтамберді – Ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі деп жазып кетеді. Ақтамберді шығармалары да нақыл сөздерге, афоризмдік толғауларға толы келеді. Қазақ халқының болмысы, тіршілік тынысы, ерекшеліктері сол кездегі тарихи оқиғалар оның толғауларынан ерекше айқын көрінеді. Ақтамберді бүкіл ел мүддесін қорғап, бірлікке шақырады.

Оның мына жырлары соның айғақ дәлелі болса керек. Ақтамберді өзінен бұрын өткен Доспамбет, Шалкиіз дәстүрлерін әрі қарай жалғастырушы болып табылады. Ақтамберді жырларында көшпенді қазақтардың ой-арманы, мақсат-мүдделері, олардың бар болмысы, ерекшеліктері, дүниеге өзіндік көзқарасы аңғарылады. Бұған жыраудың «*Күлдір-күлдір кісінетіп*» деп басталатын ұзақ толғауы дәлел. Ақтамберді жырау тоқсан үш жасында дүние салыпты. Дүние салар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты орындалғандығына ризашылығын білдіре келіп, «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігіне» өкінеді.

Қазақ тарихындағы келесі алып тұлғалардың бірі – **Бұқар жырау Қалқаманұлы**. Шамамен 1668 жылы дүниеге келіп, 1781 жыл шамасында қайтыс болады. Сүйегі Баянауылда, Далба тауының етегінде жерленген. Қазақ-жоңғар соғысында үш жүздің басын қосып ерлік көрсеткен Абылай ханның кеңесшісі қызметін атқарған.

«Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай» атты жыр, толғауларында ханның ұстанған саясаты мен кемшіліктерін бүкпесіз айтып отырған. Елдің тұтастығы мен болашағына қатысты тағылымы мол жырлары да ел ішінде көп тараған. Бұқар жыраудың жыр жолдарындағы басты тақырып жақсылық пен жамандық, ерлік пен елдік, ізгілік мен зұлымдық, достық пен дұшпандық, тұтастық пен ел бірлігі мәселелері көтерілген.

Бұқар жыраудың өмірін алғаш зерттеуші Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда және өз шығармаларынан да көрінетіндей, Бұқардың тіпті сауып ішер малы, мініп-түсер аты да болмайды. Жырау алпыстан асқанша осы жарлы қалпында күн кешеді. Алайда өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал ете алатын қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады. Жырау бір ғасырдан астам жасапты деген аңыздар да бар.

Бұқар жырау өзі өмір сүрген замандағы келеңсіздіктер мен адами-рухани құндылықтардың құлдырауын былайша сипаттайды:

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай.
Баспақ, тана жиылып,
Пана болған заман-ай.
Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай.
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай.
Азаматың құлапты,
Жұрт талық болған заман-ай.
Арғымақтың жалы жоқ –
Жабылар жалыменен теңелер,

Жақсылардың малы жоқ –
Жамандар малыменен теңелер.
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Алланың аманат қойған жаны,
Қай күні алары болжалсыз!».

Асан Қайғы мен Бұқар жырау арасында рухани байланыс бар болғандығын аңғаруға болады. Екі жырауға да ортақ ұғым – заман. Олардың ғұмыр кешкен заманы – қилы заман. Қилы заманның не екені туралы Мәшһүр Жүсіп мынандай тарихи түсініктеме берген. Абылай хан бірде ат үстінде тұрып Бұқар жыраудан сұрапты: «Асан қайғының «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегені не тантиқ? Суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады? Миға қонбайтұғын сөз ғой», – депті.

Жыраулар шығармашылығындағы жақсыны жаманнан, досты қастан ажырата білу, ар, ұят, адамшылық, әділеттілік сияқты руханияттың іргелі категорияларына талдау жасалады. Олардың сөз өнері бағасы жоқ қазына, өлмес мұра екендігі белгілі, сондықтан осы мұрамызға рухани, философиялық мән беріледі.

Құстың қанаты талатын қазақтың кең даласында жыраулық институт өз мақсат-мұратын орындады. Халықтың сүйікті тұлғаларына айналған жыраулардың жыр-толғаулары сарқылмас қазына. Жыр-толғау оқу, жаттау медреселерде міндетті пәндердің бірі болғандығы анық. Қазіргі заманда жастардың есте сақтау қабілетін шыңдауда осындай жырларды жатқа айту қажеттігі бар дүние деп есептейміз.

Қазақ халқының жыраулары

1. Кетбұға жырау (1185-1260)
2. Қодан Тайшы (1370-1460)
3. Сыпыра жырау (14ғ)
4. Асан қайғы(14ғ соңы-15ғ басы)
5. Шалкиіз (1456-1560)
6. Доспамбет (1490-1523)
7. Жиёмбет (1570-1643)
8. Қожаберген (1663-1763)
9. Бұқар (1668-1781)

10. Ақтамберді (1675-1768)
11. Үмбетей(1697-1786)
12. Марғасқа (17 ғ)
13. Қазтуған (17 ғ)
14. Тәтіқара (1705-1780)
15. Көтеш ақын (1745-1818)
16. Шал ақын (1748-1819)
17. Жанақ Қамбарұлы (1760-1857)
18. Жанақ Сағындықұлы (1770-1856)
19. Жанкісі Би (1772-1849)
20. Абыл (1777-1864)
21. Махамбет Өтемісұлы (1804-1846)
22. Сүйінбай Аронұлы (1815-1898)
23. Шернияз Жарылғапұлы (1817-1881)
24. Шортанбай Қанайұлы (1818-1881)
25. Күдеріқожа Көшекұлы (1820-1858)
26. Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908)
27. Кемпірбай Бөгембайұлы (1834-1895)
28. Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898)
29. Қашаған Күржіманұлы (1841-1929)
30. Бұдабай Қабылұлы (1842-1912)
31. Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906)
32. Шәңгерей (1847-1920)
33. Мүсабек Байзақұлы (1849-1932)
34. Жамбыл Жабайұлы (1846-1945)
35. Мүсабек Байзақұлы (1849-1932)
36. Ақтан Керейұлы (1850-1912)
37. Сара Тастанбекқызы (1853-1907)
38. Шәді Жәңгірұлы (1855-1933)
39. Әріп Тәңірбергенұлы (1856-1924)
40. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931)
41. Оңғар Дырқайұлы (1859-1902)
42. Нұрпейіс Байғанин (1860-1945)
43. Әбубәкір Кердері (1861-1905)
44. Ақыт Үлімжіұлы (1868-1940)

45. Қызыл жырау (1870-1945)
46. Кете Жүсіп (1871-1937)
47. Ғұмар Қараш (1875-1921)
48. Ығылман Шөрекұлы (1876-1932)
49. Омар Шораяқұлы (1878-1924)
50. Тұрмағамбек Ізтілеуұлы (1882-1939)
51. Көшеней Рүстембекұлы (1946-1973)